

Т. Рысқұлов ауданы мәслихатының 2019 жылғы 30 қазандағы "Т.Рысқұлов ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" № 47-5 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Жамбыл облысы Т. Рысқұлов аудандық мәслихатының 2025 жылғы 31 наурыздағы № 32-25 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2025 жылғы 7 сәуірде № 5268-08 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27 бабына сәйкес, Т.Рысқұлов ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Т.Рысқұлов ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының 2019 жылғы 30 қазандағы № 47-5 шешімі (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4391 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

Е. Абуталипов